

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№29				
Күндері	28.03 - 01.04.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Ғарышқа саяхат / Путешествие в космос / Cosmic				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабқшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды) Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу) Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Солды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!	"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: жүк көлігі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл көлік. - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды бастайық. Екі топпен ойнаймыз. Қай топтың балалары дұрыс қимыл көрсетеді, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойын барысын өзі бақылап, басқарып отырады.	"Фотоаппарат" дамытушы ойыны. Мақсаты: ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Көрнекі құралдар: лото суреттері немесе басқа суреттер. Барысы: суретті балаға 5 секундқа көрсетіңіз. Содан кейін оны алып тастаңыз және онда не бейнеленгенін есте сақтаңыз. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған бағыттаушы сұрақ қойыңыз: қанша, қандай түсті және т.б.	"Артықшылығын тап" дамытушы ойыны. Мақсаты: жатталған заттарды салыстыру, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар: сюжетті суреттер. Барысы: суретті балаға 2-3 минутқа көрсетіңіз. Содан кейін оған екінші суретті ұсыныңыз, ол жетіспейді немесе басқа заттармен немесе әрекеттермен ауыстырылады. Бала не өзгергенін анықтауы керек.	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды) Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу) Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Солды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!

Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтанар алдында, ыдыста орналасқан майлықты қолдану; егер оны таппаған жағдайда, сыпайы түрде басқалардан оның қайда екенін сұрау; егер баланың жөтелгісі немесе түшкіргісі келсе, бетін иыққа бұрып, ауызды майлықпен немесе қолмен жабу керектігін айту; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны. Мақсаты: жатталған заттарды салыстыру, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін дамыту. Барысы: сюжетті суреттерді балаларға 2-3 минут көрсетеді. Содан кейін балаға екінші сюжетті суретті ұсынады, суретте ешнәрсе бейнеленбеген немесе басқа заттармен, әрекеттермен ауыстырылған. Бала не өзгергенін анықтауы керек.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.	"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Барысы: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. Мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл сондай жолақшаны табу.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру. <i>Сөздік жаттығу. "Қайда бардың?"</i>. Сурет салу "Зымыран". Мақсаты. Балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау. <i>Саусақ жаттығуы. "Зымыран боламыз"</i>. Дене шынықтыру "Ғажайып ғарыш". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. <i>"Ғарышкер" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Аспан әлемі". Мақсаты. Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; ғарыш туралы ұғым беру. <i>Дидактикалық ойын: "Ғарыштағы ғажайыптар"</i>. Математика негіздері "Ғарышкерлердің жаттығулары". Мақсаты. Балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Қанша бар - сонша саламын"</i>. Вариативті компонент Дидактикалық ойындар	Дене шынықтыру "Айтшы, ғарыш алыс па?" Мақсаты. Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу (еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру. <i>"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Зымыран". Мақсаты. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру. <i>"Зымыранды құрастырайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Музыка "Ғарыш әлемі". Мақсаты. Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Күн мен түн"</i>. Қоршаған ортамен танысу "Ұшақ". Мақсаты. Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру. <i>Дидактикалық ойын: "Ұшақтың бөлшектерін құрастыр"</i>.	Жаратылыстану "Ұшақ ойыншығымен танысу". Мақсаты. Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. <i>"Ғарышқа саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру "Ғарыш деген ғажайып". Мақсаты. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. <i>"Қолмен допты домалату" қимылды ойыны.</i>
--	--	---	--	--	---

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Желді бақылау. Мақсаты: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру). Мақсаты: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" Мақсаты: жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ары қарай секір". Мақсаты: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үйрету.	Құстарды бақылау. Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жолдардан тазарту). Мақсаты: күрекпен жұмыс жасауға үйрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай". Мақсаты: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жалаушаға дейін жүгір". Мақсаты: жүгіру жылдамдығын дамыту.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: жылдың осы уақытында құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". Мақсаты: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: педагогтің әр түрлі бағыттағы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту.	Ауа райын бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жолдарды тегістеу). Мақсаты: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (құм шелектерін көтеру). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту.	Талды бақылау. Мақсаты: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстардан тазарту). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену, тапсырманы күш-жігермен орындау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түзу жолмен жүреміз тура", "Маған қарай жүгіріңдер". Мақсаты: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты жоғары лақтыру (қолды емін-еркін қимылдату). Мақсаты: ептілік пен төзімділікті дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Үйге оралу	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:БекишеваМ.А